

№ 5 педагогикалық кеңестің хаттамасы

30.05.2024

Хромтау қаласы

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылдарына арналған оқыту-тәрбиелеу жұмысының қорытындысы»

Қатысқаны: 29

Өткізу формасы: іскерлік ойын

Күн тәртібінде:

1. № 4 педкеңес шешімінің орындалуы (меңгеруші С.С.Баймағамбетова);
2. Оқыту-тәрбиелеу жұмысының қорытынды есебі (әдіскер И.А.Джанадилова);
3. Мектеп жасына дейінгі баланың біліктіліктері мен дағдыларының даму мониторингісінің қорытындысы (әдіскер И.А.Джанадилова);
4. Топтардың оқыту-тәрбиелеу жұмыстарының қорытынды жылдық есептері (тәрбиешілер Ж.Тлеумағанбетова, Г.Калниязова);
5. Қорытынды жылдық есептер (дене шынықтыру нұсқаушысы Г.К.Койшыбаева, логопед А.Нуридин);
6. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» қорытынды жылдық есебі (әдіскер И.А.Джанадилова);
7. Консультациялық пункт жұмысының есебі (әдіскер И.А.Джанадилова);
8. Аттестаттауға ұсынылатын педагогтер тізімін бекіту (меңгеруші С.С.Баймағамбетова);
7. Жазғы сауықтыру мерзіміне арналған жылдық жоспарды, перспективалық жоспарларды бекіту (әдіскер И.А.Джанадилова);
9. Жазғы сауықтыру мерзіміне арналған нұсқаулық, ҮІӨ-нің кестесін, күн тәртіптерін бекіту (әдіскер И.А.Джанадилова);
9. Жаз мерзімінде баланың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі балабақша тәрбиешілеріне арналған нұсқаулық (әдіскер И.А.Джанадилова);
10. Жылдық рейтингтің қорытындысы. Педагогтерді марапаттау.

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ:

1.Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші С.С.Баймағамбетова екінші педагогикалық кеңестің барлық шешімінің орындалғанын айтты.

2.Екінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова оқыту-тәрбиелеу жұмысының қорытынды есебін оқыды:

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының ұжымы өз жұмысын 29.08.2024 ж. № 1 педагогикалық кеңесте бекітілген 2024-2025 о.ж. арналған жылдық жоспар негізінде жүзеге асырылып келеді. Балабақшаның педагогикалық ұжымы «Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту» бағыты бойынша жұмыс істейді. Мақсаты - «Мектеп жасына дейінгі баланың бойында тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған қолайлы жағдай туғызу, әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу» болып табылады. Осыған сәйкес жана оқу жылына төмендегідей міндеттер қойылды:

1. Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; олардың өнімді-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

2. Әр тәрбиеленушінің жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерін жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз бағытта тәрбиелеу;
4. Әдістемелік жұмыстың белсенді формалары, курстық дайындықтан өту, аттестаттау, түрлі кәсіби байқауларға қатысу арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттіліктеріне (құқықтық, кәсіби, қарым-қатынас, ақпараттық) және білім беру талаптарына сәйкес кадрлардың әлеуетін дамыту.

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 2) «Түісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
- 4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);
- 5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өмірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Осы бағытты ұстанатын № 7 «Еркетай» балабақшасының да алдына қойған мақсат – міндеттері мен бағыты – дені сау, ұлттық сана - сезімі қалыптасқан, рухани ойлау дәрежесі биік, елжанды азамат тәрбиелеу және балаларды әсемдікке тәрбиелеу арқылы жан – жақты және үйлесімді дамыту. Ол үшін біздің балабақшамызда бүлдіршіндердің өзіндік белсенділігі мен іскерлік қабілетін, шығармашылық қасиеттерін дамытып, жетілдіріп, қалыптастыруға толық жағдай жасалған. Қазіргі уақытта балабақшамызда 287 бала тәрбие алып, тәрбиеленуде. Бүгінгі таңда № 7 «Еркетай» бөбекжай-балабақшасында барлығы 12 топ жұмыс істейді: 4 кіші топ, 3 ортанғы топ, 3 ересек, 2 мектепалды даярлық топтар. Балабақшаның ғимараты, материалдық-техникалық базасы барлық талаптарға сай келеді. Мұнда балалар алаңсыз ойнап, дербес әрекет жасай білуге, өз – өзіне қызмет көрсету тәртібіне үйренеді. Балалар тек жан – жақты тәрбие алып қана қоймай, мемлекеттік, ағылшын, орыс тілін үйреніп шығады. Балалардың лайықты білім алып, тәрбиеленіп шығуы мақсатында 28 адамнан тұратын кәсіби әрі шығармашыл педагогтардың ұжымы қалыптасқан, олардың 4-і жас мамандар қатарына жатады.

Педагогикалық құрамы

Жаңа оқу жылында № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында барлығы 29 педагог жұмыс істейді:

- меңгеруші-1

- әдіскер-1
- психолог -1
- дене шынықтыру нұсқаушысы- 1
- Музыка жетекшісі- 3
- дефектолог-1
- Логопед-1
- тәрбиешілер-20

Педагогтердің білімі бойынша:

№	Білімі	Педагог саны
1	Жоғары	14
2	Арнаулы орта	15

Еңбек өтілі бойынша:

№	Еңбек өтілі	Педагог саны
1	0-5 жылға дейін	11
2	5-10 жыл	4
3	10-15 жыл	6
4	15-20 жыл	6
5	21-ден жоғары	2

Санаты бойынша:

№	Санаты	Педагог саны
1	Басшы-менеджер	1
2	II санатты	1
3	педагог-модератор	4
4	Педагог-сарапшы	4
5	Педагог-зерттеуші	1
6	Санатсыз	18
7	Санатқа тапсырып отыр	9

Курсы бойынша:

№	Білімі	Педагог саны
1	Курсы бар	28
2	Курсы жоқ	1

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен психология қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру - отбасының, балабақшаның, барша халықтың міндеті. Замана алға қойған бұл міндеттерді өз мәнінде шешу үшін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын түбегейлі жаңарту көзделуде. Қазіргі өмірдің өзінен

туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінен бастау бұлағы – мектепке дейінгі ұйымдардан басталғаны орынды. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепке жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады.

Балабақшада тәрбиеленуші тұлға бұт – балдырған, бүлдіршін. Балдырған – сәби жасынан асқан ойын дамытуға, білуге ұмтылған, мінез-құлқынан әдептілік, имандылық көріністері сүйсіндіретін бала, өсер ұрпақ. Балдырған шақта баланың қызығушылығы, әсерленгіштігі айрықша болады да, тәрбиені, білімді тез қабылдайды. Оқуға, ойнауға, ізденуге құмар болады, әдептілігі қалыптасады. Осыған қарай балдырған тәрбиесі балабақшадан терең әлеуметтік, рухани-моральдық тәрбие мен білім беруді талап етеді.

Осы бағытты ұстанатын № 9 «Жұлдыз-Ай» балабақшасының да алдына қойған мақсат – міндеттері мен бағыты – дені сау, ұлттық сана - сезімі қалыптасқан, рухани ойлау дәрежесі биік, елжанды азамат тәрбиелеу және балаларды әсемдікке тәрбиелеу арқылы жан – жақты және үйлесімді дамыту. Ол үшін біздің балабақшамызда бүлдіршіндердің өзіндік белсенділігі мен іскерлік қабілетін, шығармашылық қасиеттерін дамытып, жетілдіріп, қалыптастыруға толық жағдай жасалған. Балабақшаның ауласы кең, іші мұнтаздай таза, заманға сай жабдықталған балалар бақшасында қазіргі уақытта 297 бала тәрбие алып, тәрбиеленуде. 13 топқа бөлінген бүлдіршіндердің әр тобында екі-екіден тәрбиешісі бар. Бүгінгі таңда № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында барлығы 13 топ жұмыс істейді: 3 ерте жас, 4 кіші топ, 3 ортаңғы топ, 3 ересек топтар. Балабақшаның ғимараты, материалдық-техникалық базасы барлық талаптарға сай келеді. Мұнда балалар алаңсыз ойнап, дербес әрекет жасай білуге, өз – өзіне қызмет көрсету тәртібіне үйренеді. Балалар тек жан – жақты тәрбие алып қана қоймай, мемлекеттік, ағылшын, орыс тілін үйреніп шығады. Балалардың лайықты білім алып, тәрбиеленіп шығуы мақсатында 29 адамнан тұратын кәсіби әрі шығармашыл педагогтардың ұжымы қалыптасқан, олардың 9-ы жас мамандар қатарына жатады.

3. Үшінші сұрақ бойынша бойынша әдіскер И.А.Джаналилова мектеп жасына дейінгі баланың біліктіліктері мен дағдыларының даму мониторингісінің қорытындысына тоқталды:

Ерте жас тобы – 88 %;

Кіші топ – 95 %;

Ортаңғы топтар – 95 %;

Ересек топтар – 90 %.

Барлығы – 94 % болып тұр.

4. Төртінші сұрақ бойынша топтың тәрбиешілері жылдық есептерін оқыды:

Тәрбиеші Ж.Тлеумағанбетова:

Кіші «Шұғыла» тобының 2024-2025 оқу жылының қорытынды есебі

«Шұғыла» тобы маусым айынан бастап кіші топ болып ашылды.

Қыркүйек айы.

Отбасы күніне арнап «Менің Отбасым» тақырыбында ата-аналар видеороликтер жасады.

«Денсаулық» апталығы. «Денсаулық-зор байлық» тақырыбында іс-шара өткізілді. Денсаулық

күніне арнап суреттер салынды. Балаларға денсаулық, тазалық туралы әңгіме жүргізілді.

22 қыркүйек-Тілдер мерекесіне орай «Тілім менің тірегім» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Ата-аналар жиналысы: «МДҰ-нда кіші жастағы балалардың бейімделуі. 2 жастағы баланың жас ерекшелігі және тәрбиелеудің алғашқы баспалдығы» тақырыбында топтық ата-аналар жиналысы өткізілді.

Қазан айы.

«Ұстаз-ұлы тұлға» тақырыбында балабақшамызда челлендж түсірілді. Ата-аналар видеоролик арқылы тәрбиешілерін, балабақша ұжымын ұстаздар мерекесімен құттықтады.

«Біздің сүйікті тәрбиешіміз» тақырыбында балалар ата-аналармен бірігіп сурет салып әкелді.

«Арайлы алтын күз» тақырыбында мерекелік ертеңгілік өткізілді.

«Күзгі сый» көрмесі ұйымдастырылып, ең үздік көрме заттары анықталып, топтың тәрбиеленушілері жүлделі орындарға ие болды. Ата аналары алғыс хаттармен, бүлдіршіндеріміз сыйлықтармен марапатталды.

Күзгі экибана. Балалар күзгі жапырақтарды жинап, әдемі экибана жасады.

«Ертегілер еліне саяхат» апталығы ұйымдастырылып, тәрбиеші кейіпкер болып киініп балаларды қабылдады. Балабақшамызда бала үні ескеріліп, балалар сүйікті кейіпкерлерінің киімін киіп келді. Таңғы жаттығуларын кейіпкер киімдерімен жасады.

«Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында балалар ата-анамен бірігіп, суреттер салып әкелді.

«Әжемнің ертегілері» байқауы ұйымдастырылып, әжесі немересіне ертегі оқып берді. Ертегі апталығы аясында «Кітапхана ауруханасы», «Кітап дүкені», «Кітапхана» сюжеттік-рөлдік ойындары ойнатылып, «Кітапты не үшін оқимыз?» тақырыбында әңгіме жүргізілді. Балабақша педагогтарының ұйымдастыруымен, балаларға арнап «Еркетай» театры құрылып, балалардың жас ерекшеліктеріне сай ертегі сахналанды.

Қараша айы

Дүниежүзілік баланың құқығын қорғау күніне орай «Мен және менің құқығым» апталығы өтті. Балалармен бірігіп «Бала құқығы» тақырыбында коллаж дайындалды, әңгіме жүргізілді.

«Мен және менің құқығым» тақырыбында плакатка суреттер ілінді.

Ата-аналарға жылжымалы папка дайындалып, «Балаға қатал тәрбие беру салдары» жөнінде жаднама таратылды.

Желтоқсан айы

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай «Ұлттық ойындар- асыл мұрам» тақырыбында ұлттық ойындар ойнатылды. «Рәміздерім-мақтанышым» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Жаңа жыл мерекесіне орай «Келді міне, жаңа жыл» атты мерекелік ертеңгілігіміз өтті.

Қаңтар айы

«Дені саудың –жаны сау» тақырыбында денсаулық күніне орай тәрбие сағаты өткізілді.

Балалармен денсаулық, тазалық туралы әңгіме жүргізілді. Ойындар ұйымдастырылды.

Қысқы ойындар апталығы.

Балалар «Қыста қалай киіну керек?», «Ізін басу», «Қатырамын» тақырыбында ойындарын ойнады. «Зерттеп қара» тақырыбында қармен эксперимент жасады. «Қыс қалашығы» тақырыбында ата аналар далаға қыс қалашығын жасап, бүлдіршіндеріміз оны түрлі түстерге бояды.

Ақпан айы

Ата-аналар жиналысы: «Кіші топтағы баланың қоршаған ортамен таныстыру үрдісінде тілдерін дамыту» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттері:

Тәрбиеші: Алданыш Рахметоллақызының сурет салу оқу іс әрекетінен «Қысқы орманға саяхат» тақырыбында және тәрбиеші Әсемгул Талапқызының сенсорика оқу іс әрекетінен «Бауырсақтың ізімен» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс әрекеттері өткізілді.

Наурыз айы

1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай балалар бір-біріне жылы лебіздерін білдірді.

Ата-аналар видеоролик арқылы тәрбиешілеріне, балабақша қызметкерлеріне алғыстарын білдірді.

8 наурыз аналар мерекесіне орай «Анашым-асылым» атты ертеңгілігі өтті.

14-наурыз «Көрісу күні» балалар, ата-аналар бір-бірімен көрісіп, жақсы тілектер тіледі.

22-наурыз Ұлыстың ұлы күніне орай «Наурыз-берекем, наурыз-мерекем» тақырыбында ертеңгілік өтті.

Сәуір айы

«Құстар-көктем жаршысы» тәрбие сағаты өткізілді.

Денсаулық күніне орай «Денсаулық зор байлық» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

«Пәндік дамытушы орта» байқауы ұйымдастырылып, байқау қорытындысы бойынша «Балаби» тобы бас жүлдені иеленді.

Мамыр айы

І мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Біз бейбітшілік пен достық мерекесін қарсы аламыз!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Өрт апталығы бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

«Өрт неден шығады?» тақырыбында балалармен әңгімелесу;

«Мейірімді от, жаусыз от» пантомима ойыны;

«Өрт – дос, өрт-жау» ата-аналарға арналған жылжымалы папка дайындалды;

«Ата-аналар назарына» ата-аналарға жадынама әзірлеу;

И.Ильиннің өлеңі бойынша әңгімелесу «Мейірімді отсыз күніміз жоқ»;

«От-біздің досымыз, от – біздің жауымыз» тақырыбында тәрбие жұмысы.

Жолда жүру апталығы.

«Төртіншісі артық», «Автобус», «Түрлі-түсті автомобильдер» т.б ойындары ойнатылды.

«Сакта жүру тәртібін» тақырыбында ата-аналарға жадынама таратылды.

«Жол тәртібін білейік, аман есен жүрейік» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Қорытынды ашық ұйымдастырылған іс әрекеттері:

Қорытындылайық.

«Біз бір жасқа есейдік» тақырыбында қорытынды ата-аналар жиналысы өтті.

Ұйымдастырылған оқу іс әрекетінен тыс уақытта балалар балабақша ауласында серуендеу, түрлі ойындар ойнады, күн тәртібі бойынша табиғатқа бақылау жүргізілді. Топ ата-аналары балабақшада ұйымдастырылған барлық іс-шараларға белсене қатысты.

Тәрбиеші Г.Калниязова:

2024-2025 оқу жылының жылдық қорытынды есебі.

«Жұлдызша» кіші жас тобы.

Тәрбиешілері: Смағұлова А.Б. Калниязова Г.Б.

Топтағы бала саны: 25 бала.

Қыз бала саны: 11.

Ұл бала саны: 14.

Сапалы тәрбие жұмыс өткізу үшін әртүрлі әдістер қолдандық.

1. Ойын.

2. Үлкендерден үлгі алу.

3. Табиғат объектілері.

4. Заттық әлемі.

Жұмыс түрлері: 1. Ата-анамен жұмыс.

2. Балалардың өзіндік еңбегі.

3. Баламен тәрбиешінің қарым-қатынасы.

Жыл бойы баланың денсаулығын нығайту және сақтау үшін әр түрлі жағдайлар жасалды. Балалар жеңіл киіммен жүруді, таза ауада болуды, күн тәртібі бойынша, дене шынықтыру жаттығуларына қимылды ойындарға қызығушылық көрсетуді үйренді. Күнде 8-10 минут көлемінде ертеңгілік жаттығулар өткізілді. Дене шынықтыру сабағы аптасына 3 рет топтың ішінде өтті. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде балалар жүруге және жүгіруге үйренді, бір-біріне соғылмай-қағылмай, бір орында екі аяқпен секіруді және алдыға жылжуды, допты лақтырып қағып алуды үйренді. Жыл барысында балаларға гигиеналық этикалық дағдылар үйретілді. Барлық балалар тамақ алдында, серуеннен келгеннен кейін қол жууды және өзінің жеке сүлгісіне сүртуді үйренді. Киімдерін дұрыс шешіп және оны ретімен орындық басына жинап қояды үйренді. Айналамен таныстыру жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік өмірдің құбылыстарымен үлкендердің еңбегі туралы мағлұмат бердік. Олар өз есімдерін және ата-аналары мен тәрбиешінің есімдерін атайды.

Қазір балалар амандасу, қоштасу, сұрану деген сөздерді жақсы біледі. Әр түрлі сұрақтарға толық жауап береді. Балалар түрлі-түсті заттарды топтастыруды біледі, алға, артқа, биік, төмен, қысқа, ұзын пішіндерді, түстерді ертегінің кейіпкерлерін т.б. түсініктерді меңгерді.

Күз мезгілінде «Алтын күз» ертеңгілігі өтті.

Қыс мезгілінде «Қош келдің, Жаңа жыл!» ертеңгілігі өтті.

Көктем мезгілінде «Мерекенмен Анашым» атты ертеңгілігі өткізілді.

«Төрлет Әз-Наурыз» атты ертеңгіліктері өтті.

Республикалық «Үркер» марафонына балалар қатысып жүлделі орындармен марапатталды. «Қыс ажайыптары» атты сурет байқауына Жолдыбек Бегімай, Бақытжан Назым, Сатаева Мариям қатысып жүлделі орындармен марапатталды. Жыл бойы 3 рет ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналар балалар ойын аланың сырлап безендіруге көмектесті.

5.Бесінші сұрақ бойынша дене шынықтыру пұсқаушысы Г.К.Койшыбаева жылдық қорытынды есебін оқыды:

2024-2025 оқу жылының Қыркүйек айынан бастап, ортаңғы және ересек топ балаларының жас ерекшелігіне сай, денсаулық саласы бойынша, дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары, ертеңгі жаттығулар кешені және спорттық іс-шаралардың жоспары құрылып, өз уақытында өткізіліп отырды. Жоспарға сай картотекалар жасалып, ұйымдастырылған іс-әрекетінің материалдары дайындалды.

«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы!» атты бағдарлама жоспары құрылып, жүзеге асырылды.

Осы 9 айға құрылып, жасалған жоспарларға тоқталсақ,

Қыркүйек айында «Қайырлы таң, балабақша!» музыка әуенімен ертеңгілік жаттығулар кешені жүргізілді.

Қазан айы: Ересек топ балаларымен «Ертөстікпен бірге!» атты спорттық мереке ұйымдастырылды.

Ортаңғы топ балаларымен «Біз мықтымыз-татумыз!» атты эстафеталық ойындар ойналды.

Қараша айы: Ортаңғы және ересек топ балаларымен «Ойындар мерекесі!» атты іс-шара өткізіліп, балалардың көңіл-күйі көтерілді.

Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан айларында қыс мезгілін қарсы алу және қыс мезгілімен қоштасу барысында «Қысқы олимпиада!», «Қыс қызықтары!» атты қысқы қортынды ойын-сауық шаралары өтті.

Наурыз айы: Наурыз мерекесі қарсаңында, Ұлыстың ұлы күні балабақша балаларымен салт-дәстүрін дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған, қазақтың ұлттық «КӨКПАР» ойыны ойнатылды.

Сәуір айы: Балабақша кіші қызметкерлерімен достық қарым-қатынасты нығайту барысында «Біз тату-тәтті спорттық отбасымыз!» атты ойын эстафета өткізілді.

Балабақша тәрбиешілерімен «Спорт-өмір көркі!» атты ойын эстафета өткізілді.

Мамыр айы: Халықаралық отбасы күніне орай «Төлағай!» отбасылық сайысы өтті.

Жоспар бойынша Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінен ашық көрсетілім көрсетілді. **Тақырыбы: «Денім сау болсын десен...?»**

Қосымша жасалған жұмыстар:

1. Наурыз айында Республикалық балаларды ерте дамыту институты ұйымдастырған «Ханталапай!» ұлттық ойынына қатысып:

Аудан: 1-орын

Облыс: 2-орын

Республика: 3-орынға ие болдық.

2. «Үркер» зияткерлік орталығы ұйымдастырған «ПолиМат» республикалық эвристикалық онлайн марафонында 3 дәрежелі ДИПЛОМ-ға ие болдым.

3. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Үздік ұйымдастырылған іс-әрекет» байқауға қатысып 2 дәрежелі ДИПЛОМ-ға ие болдым.

4. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы ұйымдастырған облыстық олимпиадаға қатысып 3 дәрежелі ДИПЛОМ-ға ие болдым.

5. Ақтөбе-Дарын өңірлік ғылыми-тәжірибелік «Сана» зияткерлік орталығы ұйымдастырған семинар-практикумға қатысып «Сертификат» алдым және осы орталық ұйымдастырған халықаралық семинарда спикер болып,

«Алғыс хат!» және «Сертификат» алдым.

6. Аудан білім бөлімі: «АЛҒЫС» хат

7. Халықаралық балаларды қорғау күні аясында кәсіподақ ұйымынан «Құрмет грамотасы» берілді.

8. «Үздіксіз педагогикалық білім» басылымында мақала, яғни ұйымдастырылған іс-әрекет жарық көріп «Құрмет грамотасы», «Диплом», «Сертификат» берілді.

Логопед А.Нуридин жылдық қорытынды есебін оқыды:

2024-2025 оқу жылының басында педагог-логопед А.Н.Нуридинге 10 балабақша тәрбиеленушілері облыстық ПМПК қорытындысымен есепке алынды.

Қыркүйек айынан бастап топ тәрбиешілерімен және тәрбиеленушілерімен таныстық жүргізілді.Әр топтағы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мінез-құлық жинақталды.

Жаңа оқу жылына жылдық оқу жоспарлары мен әр баланың жеке даму картасы,анамнезі құрылды.

Топ тәрбиешілері мен ата-аналардан сауалнама толтырылды.

ЕБҚБ туралы мағлұмат:

- Психикалық дамуы тежелген балалар ЗПР-6(Арыстан Н,Қайырбай А,Өмірбай Қ,Елеусін Т,Абдулла М,Мурат А)
- Сөйлеудің тежелуі -1 (Медетұлы М)
- Жалпы сөйлеу тілінің жетіспеушілігі ОНР-3 (Қайдар А,Аманжолова М,Серік Қ)

1.Арыстан Назар -3 жас “Акбота”тобының тәрбиеленушісі.

Диагнозы: ЗПР-психикалық дамуы тежелген

*Сөйлеу тілі:*анық,дыбыстарды дұрыс айтады.С-Р дыбыстарын айтқанда қателіктер жібереді.Өте тез,қарқынды сөйлейді.

*Есте сақтау қабілеті:*Орташа,қысқа мерзімді

*Мінез-құлық ерекшеліктері:*Ашушаң,гипербелсенді.Топтағы тәртібі жақсы,балалармен ойнағанды жақсы көреді.Педагогтардың нұсқаулығын түсінеді.

2.Қайырбай Айару-5 жас “Гүлдер”тобының тәрбиеленушісі.

Диагнозы: ЗПР-психикалық дамуы тежелген

*Сөйлеу тілі:*анық,дыбыстарды дұрыс айтады.С-Р дыбыстарын айтқанда қателіктер жібереді.Өте тез,қарқынды сөйлейді.Өз жас нормасынан төмен.

*Есте сақтау қабілеті:*Орташа,қысқа мерзімді.

*Мінез-құлық ерекшеліктері:*Ашушаң,гипербелсенді.Топтағы тәртібі жақсы,балалармен ойнағанды жақсы көреді.Педагогтардың нұсқаулығын түсінеді.

3.Өмірбай Қайсар- 4 жас “Балапан”тобының тәрбиеленушісі.

Диагнозы: ЗПР-психикалық дамуы тежелген

*Сөйлеу тілі:*анық,дыбыстарды дұрыс айтады.С-Ш дыбыстарын айтуда қателіктер жібереді.Дауыс қарқыны төмен,баяу сөйлейді

*Есте сақтау қабілеті:*Орташа

*Мінез-құлық ерекшеліктері:*Топтағы тәртібі жақсы,балалармен ойнағанды жақсы көреді.Педагогтардың нұсқаулығын түсінеді.Топтық ойындарды ойнағанды ойнатады.

4. Елеусін Томирис-4 жас “Гүлдер”тобының тәрбиеленушісі.

Диагнозы: ЗПР-психикалық дамуы тежелген

*Сөйлеу тілі.*Сөйлеу тілі анық емес,жас нормасынан төмен.Тек ымдап сөйлейді.

Есте сақтау қабілеті: Қысқа мерзімді.

Мінез-құлық ерекшеліктері: Топтағы тәртібі жақсы, балалармен ойнағанды ұнатпайды. Педагогтардың нұсқаулығын түсінеді.

5.Абдулла Мустафа-2 жас “Күншуақ”тобының тәрбиеленушісі.

Диагнозы: ЗПР-психикалық дамуы тежелген

Сөйлеу тілі. Сөйлеу тілі анық емес, жас нормасынан төмен. Тек ымдап сөйлейді.

Есте сақтау қабілеті: Қысқа мерзімді.

Мінез-құлық ерекшеліктері: Топтағы тәртібі жақсы, балалармен ойнағанды ұнатпайды. Педагогтардың нұсқаулығын түсінеді.

6.Мурат Абдурахман- 4 жас “Ақбота”тобының тәрбиеленушісі.

Диагнозы: ЗПР-психикалық дамуы тежелген

Сөйлеу тілі. Сөйлеу тілі анық емес, жас нормасынан төмен. Тек ымдап сөйлейді.

Есте сақтау қабілеті: Қысқа мерзімді.

Мінез-құлық ерекшеліктері: Топтағы тәртібі жақсы, балалармен ойнағанды ұнатпайды. Педагогтардың нұсқаулығын түсінеді.

7.Мелетұлы Муслим- 4 жас “Тәй-тәй”тобының тәрбиеленушісі.

Диагнозы: Сөйлеу тілінің тежелуі

Сөйлеу тілі. Сөйлеу тілі анық, жас нормасына сәйкес.

Сөйлеу тілі орыс тілді.

Есте сақтау қабілеті: Ұзақ мерзімді.

Мінез-құлық ерекшеліктері: Топтағы тәртібі жақсы, балалармен ойнағанды ұнатпайды. Педагогтардың нұсқаулығын түсінеді.

8.Қайдар Ансар- 4 жас “Балапан ”тобының тәрбиеленушісі.

Диагнозы: Сөйлеу тілінің жетіспеушілігі-1

Сөйлеу тілі. Сөйлеу тілі анық, жас нормасына сәйкес.

Сөйлеу тілі орыс тілді.

Есте сақтау қабілеті: Ұзақ мерзімді.

Мінез-құлық ерекшеліктері: Топтағы тәртібі жақсы, балалармен ойнағанды ұнатпайды. Педагогтардың нұсқаулығын түсінеді.

9.Аманжолова Марияна- 5 жас “Гүлдер”тобының тәрбиеленушісі.

Диагнозы: Сөйлеу тілінің жетіспеушілігі-2

Сөйлеу тілі. Сөйлеу тілі анық, жас нормасына сәйкес.

Есте сақтау қабілеті: Ұзақ мерзімді.

Мінез-құлық ерекшеліктері: Топтағы тәртібі жақсы, балалармен ойнағанды ұнатпайды. Педагогтардың нұсқаулығын түсінеді.

10.Серік Қасым -5 жас “Балапан” тобының тәрбиеленушісі.

Диагнозы: Сөйлеу тілінің жетіспеушілігі-2

*Сөйлеу тілі.*Сөйлеу тілі анық, жас нормасына сәйкес.

Сөйлеу тілі орыс тілді.

Есте сақтау қабілеті: Ұзақ мерзімді.

*Мінез-құлық ерекшеліктері:*Топтағы тәртібі жақсы,балалармен ойнағанды ұнатпайды.Педагогтардың нұсқаулығын түсінеді.

“Әрбір бала бір Жұлдыз”Инклюзия апталығы ақпан айында өткізілді.

- Педагогтерге “Баланың сөйлеу тілін заманауи технологиялық әдістер арқылы дамыту” тақырыбында өз тәжірибеммен бөлістім.
- Ата-аналарға шебер класс “Баланың сөйлеу тілі неге кеш шығады?”
- Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет “Тіл дәстүр жаттығулары арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту”

*Мақсаты:*Мектеп жасына дейінгі балаларды дұрыс сөйлеуге,дыбыстарды анық және айқын айтуға үйрету.

- Мамыр айында педагогтерге“Нейрожаттығулар-сөйлеу бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілін дамыту құралы ретінде” педагогтерге шебер класс өткізілді.
- Ата-аналармен “баланың сөйлеу тілін үй жағдайында дамыту”
- ЕБҚБ балалармен “Ақылды балақай!”тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізілді.

Іс-тәжірибемен бөлісу: “Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалармен жүргізілетін заманауи әдістер” тақырыбында “Ақтөбе-Дарын” өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім бөту орталығы “SANA” зияткерлік орталығының республикалық “WORKSHOP ZOOM” орталығында өз тәжірибеммен бөлістім.

6.Алтыншы сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша жылдық есебін оқыды:

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі жоспарға сәйкес ересек топтары «Менің балабақшам» экскурсиясын ұйымдастырды. Ересек «Гүлдер» және «Балапан» топтары балабақша ішіне экскурсия жүргізді. Балабақшадағы барлық кабинеттерге кіріп, балабақшада жұмыс істейтін барлық мамандармен танысты. Меңгеруші кабинеті, әдіскер кабинеті, музыка және спорт залдары, сенсорика кабинеті, медбикелер кабинеті, асхана бөлмесіне, костюмдер бөлмесіне барып, ондағы заттармен танысып, қандай мамандар жұмыс істейтіндерін білді.

2024-2025 о.ж. қыркүйек айының І-нде ересек «Гүлдер» және «Балапан» топтарында «1 қыркүйек – білім күні» тақырыбында білім күніне арналған танымдық-тәрбиелік сағаты өтті. Мақсаты – балаларға білім күні, білім мерекесі, білім туралы түсінік беру, болашақ мектеп оқушысы екенін сезіндіру, мерекелік көңіл күй сыйлау.

Мерекелік ертеңгілікке мектепалды даярлық топтардың бүлдіршіндері қатысты. Аталған іс-шара ҚР-ның мемлекеттік Гимнімен басталды. Тәрбиеленушілерге білім күні, білім мерекесі, білім туралы жалпы түсінік беріліп, түсіндірілді.

2024-2025 о.ж. қыркүйек айының 05-інде тілдер мерекесі күніне орай «Тілім менің - тірегім!» тақырыбында тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеттері өтті. Мақсаты – балалардың ана тіліне құрмет сезімдерін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, дұрыс, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтың тілдерін құрметтеу.

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында әже мен немере арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие

бағдарламасы», «Әжелер мектебі» жоспарына сәйкес қыркүйек айының 26-нда ересек топтар арасында «*Әжемнің ыстық бауырсақтары*» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – қазақтың ұлттық тағамы бауырсақтың жасалу жолдарымен таныстыру, (бейне сюжет, алдын ала асханаға саяхат т.б.) «бауырсақты» «қамырдан» (қатты тұздап иленген ұн) есу, ұзу арқылы, әженің үлгісі бойынша орындату, ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыптылық, тазалық дағдыларын қалыптастыру.

2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әжелер мектебі» жоспарына сәйкес қыркүйек айының 26-нда ересек топтар арасында «*Садақ ату*» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – садақ ату – қашықтықтан дәл көздейтін сол заманындағы суық қарудың түрі. Қарапайым садақты тобылғы, үйеңкі сияқты ағаштан доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасайды. Осы екі аралықты қосып тұрған мықты таспаны қазақ «адырна» деп атаған. «Жай садақ», «Күрделі садақ», «Құрама садақ» туралы, олардың жасалу жолдарын түсіндіру. Ауыз әдебиетінде бұл қарудың «қайың садақ», «қарағай садақ», «үйеңкі садақ» деген атаулары кездеседі. Оның «бала садақ» деген де түрі бар. Мұндай садақ ер баланы жаугершілікке, аңшылыққа баулу үшін жасалды.

2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Аналар мектебі» жоспарына сәйкес қыркүйек айының 25-нде кіші топтар арасында «*Шаш өру-қазақ қызына тән*» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, еңгілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық т. б жан — жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу; балалардың ойлау, есте сақтау, танымдық қасиеттерін дамыту; қазақ халқының әдет — ғұрпы арқылы қыз бала тәрбиесіне тән қасиеттерді бойына сіңіру.

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында 2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарына сәйкес қазан айында балабақшада «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» жәрмеңкесі өтті. Мақсаты – ата-аналарды балабақшаның өміріне тарту, ата-аналардың белсенділіктерін арттыру, ата-аналар мен балабақша қызметкерлері арасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын насихаттау, күзгі мерекені сезіндіру, мерекелік көтеріңкі көңіл күй сыйлау.

«Күзгі асар» жәрмеңкесі балабақшаның ауласында ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге барлығы 11 топ, балабақшаның қызметкерлері, тәрбиешілер, ата-аналар және балалар қатысты. Далаға күз мезгіліне арналған музыка қосылып, үстелдер қойылды. Жәрмеңкені Алтын күз кейіпкері келіп, ата-аналарды, балаларды құттықтап, береке, молшылық тіледі. Жаксы тілектер айтылып, жәрмеңкенің ашылғаны туралы хабарланды. Әр топтан ата-аналар мен тәрбиешілер қатысып, өз орындарында дайындаған заттарын қойды. Жәрмеңкеге тәрбиеленушілер күзгі егіннің табиғи материалдары мен орман табиғаттың көркем сыйларын пайдалана отырып ата-аналар мен бірге жасаған қолөнер бұйымдары және ата-аналардың өз қолдарымен дайындаған әртүрлі тәтті тағамдары қойылды. Балабақшаның әдіскері Б.С.Кияшева құттықтау сөз сөйлеп, жәрмеңкеге қатысқан барлық топтар мен ата-аналарға алғыс білдіріп, алғыс хат пен сыйлықтар берді. Балабақшаның әкімшілігі көрмеге қойылған барлық заттарды қарап шықты, үздік деп танылған қолөнер бұйымдарын анықтап, мадақтама қағаздармен марапаттады. Жәрмеңке өте көңілді, қызықты әрі тартымды, мазмұнды өтті. Келген қонақтар да, ата-аналар да алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2024-2025 о.ж. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әжелер мектебі» жоспарына сәйкес қазан айының 30-нда ортаңғы топтар арасында «*Асық ойнау*» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – Балаларды асықтың шығу тарихымен таныстыру, асық туралы жалпы мәлімет беру. Асық ойындарының тигізер пайдасы және жүйке жүйесін шыңдауға әсері туралы және асықтың дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлылыққа тәрбиелейтіндігін ұғындыру. Балаларғы асықтың атауларын меңгерту, асық ирудің әдіс – тәсілдерін үйрету.

7.Жетінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова консультациялық пункт жұмысының есебін оқыды:

Консультациялық пункт жұмысының мақсаты - мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- Мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуы мәселелері бойынша ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету, мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету
- Ата-аналарға бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылдағанға дейін балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету
- Мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналарға ақпараттық колдау көрсету
- Ата-аналарға диагностикалық көмек көрсету, мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау және диагностикалау болып табылады.

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының консультациялық пункті Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын (2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 ҚРҚ) іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына және консультациялық пункттерді ұйымдастыру бойынша нұсқамаға сәйкес және 03.09.2024 № 52 н/бұйрығы негізінде ашылды.

Консультациялық пунктке биылғы оқу жылында барлығы 9 бала тіркелді, оның ішінде 3 жаста 1 бала, 4 жаста 3 бала, 5 жаста 5 бала.

Консультациялық пунктте барлығы 9 маман жұмыс істейді: меңгеруші, әдіскер, дефектолог, логопед, психолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшілері, медбике. Консультациялық пункттің жұмыс кестесі құрылды, жұмыс кестесі бойынша ата-аналарды мамандар қабылдайды: әр айдың бірінші сәрсенбесінде меңгеруші С.С.Баймағамбетова, әдіскер И.А.Джаналилова, медбике Г.Бижанова, психолог А.Измаганбетова, әр айдың екінші сәрсенбесінде әдіскер И.А.Джаналилова, дефектолог Б.Кияшева, логопед А.Нуридин, әр айдың үшінші сәрсенбесінде әдіскер И.А.Джаналилова, тәрбиеші Ж.О.Тлеумағанбетова, дене шынықтыру нұсқаушысы Г.Койшыбаева қабылдайды. Меңгеруші С.С.Баймағамбетова келген ата-аналарға «Дара балаға» тіркелу, балабақшаның жалпы тыныс-тіршілігі туралы айтып түсіндірсе, әдіскер ата-аналарға «5-ке дейін үлгер» қосымшасын пайдалануды үйретіп көрсетеді.

Консультациялық пунктте жылдық жоспар, жұмыс кестесі, отырыс хаттамалары, ата-аналармен келіс-шарттар, ата-аналарды тіркеу журналдары бар.

Барлық құжаттар балабақшаның сайтында орналасқан. Сонымен қатар, балабақшада арнайы консультациялық пункт кабинеті ашылып, қажетті құралдармен жабдықталды.

Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыруда қосымша білім беру мамандарының алатын орны зор. Өйткені, логопед, дефектолог және психолог мамандарына деген сұраныс ата-аналар тарапынан жоғары болып отыр. Біздің КП-мізде дефектолог, логопед, психолог мамандары өзара бірлесіп, жүйелі түрде жұмыс атқарып келеді.

Консультациялық пункт жұмысын тиімді жүргізу мақсатында қосымша білім беру мамандары өз жұмыстарында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады: Вильямс және Шеленбергер пирамидасы бойынша ойындар, артикуляциялық жаттығулар, тыныс алу жаттығулары, арт-терапия: күм, түс, музыка, би терапиясы, қолдың ұсақ моторикасы мен жалпы моториканы дамытуға арналған ойындар.

КП-тің негізгі міндеттерінің бірі - диагностикалық көмек беру. КП-ке келетін әрбір балаға педагогикалық-психологиялық зерделеу жұмысы жүргізіліп, баланың жеке ерекшеліктері мен бейімділігі анықталады, сонымен бірге бала дамуындағы бұзушылықтың себептері анықталып, баланы әрі қарай дамыту бойынша мамандардан қажетті ұсынымдар беріледі.

Сонымен қатар, психолог, логопед, дефектолог сияқты білікті мамандар ата-аналарға психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультациялар беріп, бала дамуындағы ерекшеліктерді анықтап, тәрбиенің негізгі бағыттары туралы хабар береді. КП-ке келетін ата-аналардың сұранысы көбіне, баланың сөйлеу тіліндегі кемшіліктеріне және баланың бейімделуіне байланысты екені байқалады.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға, ата-аналарды отбасы жағдайында тәрбие процесін ұйымдастыруға, үйретуге бағытталған түзету және дамыту әдіс-тәсілдерімен таныстыру жұмыстары КП-те үздіксіз жүргізіліп келеді.

Сонымен қатар, қосымша білім беру мамандары КП жұмысын тиімді ұйымдастыру бойынша өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, педагогтерге арнап «Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмысты тиімді ұйымдастыру» тақырыбында семинар өткізді.

8. Сегізінші сұрақ бойынша меңгеруші С.С.Баймағамбетова 2024-2025 жаңа о.ж.

аттестаттауға ұсынылатын педагогтер тізімімен таныстырды:

Ә.Мухамбетжанова – педагог-модератор;

А.Касымбекова – педагог-модератор;

Г.Койшыбаева – педагог-зерттеуші;

И.А.Джаналилова – педагог-зерттеуші.

9. Тоғызыншы сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джаналилова жазғы сауықтыру мерзіміне арналған жылдық жоспармен ұжымды таныстырды, перспективалық жоспарлар бекітілді.

Мақсаты: жазғы сауықтыру мерзімінде балалардың денсаулығын нығайтуға және шынығуына, эстетикалық, эмоционалдық, жеке басының бағытталған жұмыстарды ұйымдастыруда үлкендердің (бөбекжай-балабақшасының қызметкерлері мен тәрбиеленушілердің ата-аналары) барлық мүмкіндіктерін біріктіру.

Міндеттері:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардағы иммундық жүйесінің жетілуіне бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;
2. Балалардың өмірін қорғау, денсаулығын нығайту және жарақаттану мен сырқаттанудан сақтануға жағдай жасау.
3. Балаларды шынықтыру, денесінің дамуына, адамгершілікке тәрбиелеу, танымдық белсенділігін, мәдени-гигиеналық және еңбекке баулу дағдыларын дамытуға жағдай жасау.
4. Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты жаз мезгіліндегі балаларды шынықтыру және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға арналған санитариялық және педагогикалық бағытта хабарлама жасауды жүзеге асыру.

10. Оныншы сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джаналилова жазғы сауықтыру мерзіміне арналған нұқсаулықтың ерекшеліктерін түсідірді, ҰІӘ-нің кестесін, күн тәртіптерін таныстырып, бекітті.

Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың барлық әрекетінің түрлерін таза ауада ұйымдастыру ұсынылады. Ол үшін әрбір әрекет түріне мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібінде орын мен уақыт бөлінеді. Алдымен жазғы сауықтыру кезеңінің жоспарын жасау қажет (2-қосымша).

Таңертең балаларды қабылдау

Таңертең балаларды қабылдау күн тәртібінің негізгі сәттерінің бірі. Күні бойы топта эмоционалды жайлылық орнату және балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру маңызды болып табылады.

Жазғы сауықтыру кезеңінде тәрбиеленушілерді қабылдауды таза ауада (ауа-райының жағдайларына байланысты) ұйымдастыру ұсынылады. Бұл кезеңде еңбек әрекетін жер учаскесінде ұйымдастыруға болады.

Таңертеңгі жаттығу

Таңертеңгі жаттығу дене белсенділігінің бір түрі, ол бұлшық еттер мен буындарға физикалық жаттығулар кешенін құрайды.

Таңертеңгі жаттығу күн тәртібінің міндетті бөлігі және күн сайын таңғы ас алдында өткізіледі. Жылдың жылы мезгілдерінде таңертеңгі жаттығуды таза ауада, аулада, ал салқын күндері топ бөлмесінде немесе таңертеңгі жаттығуды өткізу кестесіне сәйкес спорт залында, мектепке дейінгі ұйым дәлізінде, холында балаларға жайлы жағдайларда өткізуге болады.

Дене шынықтырумен айналысу – барлық негізгі қимылдарды (лақтыру, жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, еңбектеу) дамытуға бағытталған физикалық жаттығулар, сонымен қатар арқа, иық белдеуі мен аяқ бұлшық еттерін нығайтуға, қимылдарды үйлестіруге, дене сымбатын қалыптастыруға, тепе-теңдікті дамытуға арналған жаттығулар.

Алайда, дене шынықтырумен айналысу қимыл белсенділігінің орнын толтыра алмайды. Сондықтан осы кезеңде физикалық белсенділіктің әртүрлі нысандарын енгізу қажет: қимылды

ойындар, жарыс элементтері бар спорттық жаттығулар, жаяу серуендер, экскурсиялар, бағыт бойынша серуендеу (қарапайым туризм).

Мерекелер, ойын-сауықтар апта сайын, яғни күн сәулесінің қызуы төмен уақытқа жоспарланады (аптап ыстық басталғанға дейін немесе оның басылуынан кейін) және т. б..

Еркін ойын және балалардың дербес әрекеті

Еркін ойын және дербес әрекет - балалардың тек ойын сипатындағы әрекеті ғана емес (мысалы, өз қалауы бойынша сурет салу, ұсақ моториканы дамыту үшін материалдарды қолдану және т.б.), басқа да кез-келген еркін әрекеті.

Еркін ойын балалардың ойын әрекетін дамытуға септігін тигізеді, ол ересектердің қатысуымен де, қатысуынсыз да өткізіледі, тәрбиеленушіге өзін белсенді түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Ойынның мазмұнын балалардың өздері анықтайды және кейде мүлдем күтпеген оқиғалар орын алуы мүмкін. Бұл жағдайда таным процесі жетіледі.

Серуенге дайындық

Серуенге дайындық кезінде тәрбиешілерге балаларды өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байыту және сөйлеуді дамыту, мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу ұсынылады.

Күн тәртібіндегі жеке жұмыс

Денсаулығына байланысты жеке жұмыс жүргізуді қажет ететін балаларды шынықтыруға және физикалық дамуын жақсартуға, дене сымбатының ақауларын түзетуге ықпал етеді. Спорт залында жүргізіледі. Уақыт жеке белгіленеді.

Шынықтыру шаралары

Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы, физикалық дамуы, жеке ерекшеліктерін ескеру арқылы жүргізіледі және келесі шаралар жүйесін қамтиды:

- күнделікті өмірдегі шынықтыру элементтері (салқын сумен жуыну, сүртінуге дейін су құю);
- дене жаттығуларын ұштастырылған шынықтыру шаралары (дұрыс ұйымдастырылған серуен, дене жаттығуларына сәйкес күн және су шаралары, дене жаттығулары);
- дәрігер тағайындайтын арнайы шаралар.

Су тасқынынан зардап шеккен мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің ата-аналары (занды өкілдері) үшін ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының сайтында «Ата-аналарға кеңес» айдарымен «Виртуалды әдістемелік кабинет» ашылды. Аталған айдарда үй жағдайларында баланы тәрбиелеу мен дамыту бойынша баланы дамытушы ойындар, психологтың баланы дамыту және мектепке дайындау туралы кеңестері, логопедтердің балалардың сөйлеуін дамыту бойынша кеңестері, шынықтыру шараларына қатысты медбикенің кеңестері қамтылған бейнероликтер орналастырылды.

11. Оң бірінші сұрақ бойынша әдіскер И.А.Джанадилова жаз мерзімінде баланың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі балабақша тәрбиешілеріне арналған нұсқаулықты түсіндірді.

Жазғы демалыстағы жалпы қауіпсіздік ережелері

Қауіп тек демалыс орындарында емес, балалар алаңында, жолда немесе қоғамдық орындарда да болады. Сондықтан кей ұсыныстарды ескерген дұрыс:

- Балаға күн тиіп қалмас үшін жаздың ыстық күндері міндетті түрде бас киім кигізу керек;
- Баланың тамақ ішер алдында қол жууды әдетке айналдыруын қадағалаңыз;
- Жаз мезгілінде тамақтан уланып қалу қаупі артатындықтан, жемістер мен көкөністердің балғын болуын қадағалап, жақсылап жуыңыз;
- Баланы бағдаршамнан өтуге үйретіп, автомобиль тигізуі мүмкін қауіп туралы түсіндіріп айтыңыз;
- Балаға ойнау алаңында өзін қалай ұстау керектігін айтыңыз. Соның ішінде, әткеншекке жанынан келу керектігін түсіндіріңіз;
- Баланы жазғы кездегі өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру керек. Ересек адамсыз от жақпауын өтініп, оның жылдам тарайтындығын айтыңыз.

Жазда судағы қауіпсіздік ережесі

Отбасылардың барлығы ыстық күндері балаларымен бірге суға шомылуда барады. Ересектер де, балалар да рақаттана суға түсіп, күнге күйіп, таза ауамен демалады. Суға шомылуда барарда мына ережелерді ескерген жөн:

- Балаға сіздің қарауыңызсыз тіпті, үрлемелі дөңгелектер мен матраста болса да суға түсуіне рұқсат бермеңіз;
- Кішкентай баланы суға тек жүзгіш жилетпен немесе жеңдікпен жіберіңіз;
- Балаларға суда тығылатын немесе бір-бірін батыратын ойын ойнауына рұқсат бермеңіз. Оның орнына қуыспақты да, тығылыспақты да жағажайда ойнауларын өтініңіз;
- Күн қатты ысып кетсе, баланың терісі күйіп кетпес үшін арнайы күннен қорғайтын құрал жағып қойыңыз;
- Салқын тиіп қалмас үшін баланың суда болған уақытын бақылаңыз;

Жазда табиғаттағы қауіпсіздік ережесі

Егер отбасыңызбен табиғатқа (орман, саябақ) шықсаңыз, мына ережелерді есте сақтаңыз:

- Мұндай жерлерде әдетте, кене көп болып келеді. Сондықтан балаға жабық шалбар мен жабық аяқ киім кигізген жөн. Шалбар балағын шұлыққа салып қойыңыз;
- Балаға ормандағы таныс емес саңырауқұлақтар мен жидектерді жеуге болмайтындығын түсіндіріңіз. Олар улы болуы мүмкін;
- Соңа, ара секілді жәндіктердің шағуын болдырмас үшін олар бар кезде қозғалмай тұру керектігін айтыңыз;
- Мүмкіндік болса, баланы қараусыз қалдырмаған жөн.

12. Оң екінші сұрақ бойынша әдіскер И.А. Джанадилова жылдық рейтингісін қорытындылады, педагогтерді марапаттады.

№	Аты-жөні	Қорытынды
1	Калниязова Гүлмадина	163
2	Смағұлова Ақтолықын	163
3	Алдаберген Толқын	72
4	Ақмарал Толыбайқызы	247
5	Аманғалиева Аягүл	281
6	Ермағанбетова Асель	138
8	Касымбекова Айжан	182
9	Мухамбетжанова Әсима	245
10	Тлеуова Маншук	62
11	Боккаринна Асылгүл	245
12	Тлеумағанбетова Жұмагүл	279
13	Камбарова Жансая	285
14	Азирбекова Гүлнұр	264
15	Нұрзат Мұхтарқызы	214
16	Сүндетова Гүлстан	187
17	Утарбаева Айгүл	197
18	Изтлеуова Ғалия	251
19	Мукаева Нұржангүл	153
20	Бримжанова Мейрамгүл	92

Педкеңестің шешімі:

1. 2024-2025 о.ж. оқыту-тәрбиелеу жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын;
2. Баланың біліктері мен дағдыларының даму мониторингісі қанағаттанарлық деп бағалансын;
3. Бала денсаулығын шынықтыру бойынша атқарылған іс-шаралар, инклюзивті білім беру, психологиялық қызмет жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын;
4. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша атқарылған іс-шаралар қанағаттанарлық деп бағалансын;
5. Консультациялық пункт бойынша атқарылған іс-шаралар қанағаттанарлық деп бағалансын;
6. 2024-2025 о.ж. жазғы сауықтыру мерзіміне арналған жылдық жоспары, ҰІӨ-нің кестесі, күн тәртібі, перспективалық жоспарлар бекітілсін;
7. Жылдық қорытынды рейтинг бойынша «Үздік тәрбиеші-2025» номинациясы Ж.М.Камбароваға, «Үздік педагог-2025» номинациясы Г.К.Қойшыбаеваға берілсін, тәрбиешілер Г.Азирбекова, Ж.Тлеумағанбетова, А.Аманғалиева жақсы жұмыс істегені үшін марапатталсын;
8. 2025-2026 о.ж. аттестаттаудан өтуге ұсынылатын педагогтер тізімі бекітілсін;
9. Жаз мерзімінде баланың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі балабақша тәрбиешілеріне арналған нұсқаулықты орындау міндеті әр педагогке жүктелсін.

Төрайымы:

Хатшы:

С.С. Баймағамбетова

И.А. Джанадилова